Тексерілген күні: 04.05.2026
Әдіскер: [signature] А.А.Жумагалиева

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Мамыр айы (1апта)**

Мектепке дейінгі ұйым : «Балбөбек жеке бөбекжайы»
Топ: «Құлыншақ» аралас (ерте кіші жас)
Балалардың жасы: 1-2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **04.05 - 08.05.2026ж.**
**Мамыр «Бірлік пен ынтымақ айы»**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | 04.05.2026 | 05.05.2026 | 06.05.2026 | | 08.05.2026 |
| **Апта дәйек сөздері «Жоқ, бірлік ақылға бірлік, малға бірлік емес». (Абай Құнанбайұлы)** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br><br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Келіп қалыпты қонағымыз,<br>Келіп қапты қошақанымыз.<br>Қанекей, қонақты қарсы алайық,<br>Сәлем айтайық. (Д. Ахметова) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br><br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Кім бізге келіп қалды?<br>Кім күнге сәлем салды?<br>Кімнің көзі күлімдейді?<br>Кім "Алақай! дейді? (Д. Ахметова) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br><br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Сәлем, балақай!<br>Қалың қалай?<br>Қайдан келесің томпаңдап,<br>Топ-топ басып, асықпай?<br>Күлімдеп саған, күн қуат берсін,<br>Бойың биік өссін. (Д. Ахметова) | | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br><br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>«Кел-кел, ақ бөбек!»<br>Кел-кел, ақ бөбек!<br>Өс-өс, жас желек!<br>Жүре ғой тәй-тәй басып,<br>Балапандармен бірге лек-лек. (Д. Ахметова) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?" | "Баланың өздігінен тамақтануына деген көркем сөздің жағымды әсері" | "Баланың өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы" | | Мерекелі күндері ойын-сауық орындарында баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету амалдары. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталд** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Өсімдіктерге күтім жасау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсат:** Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, су құйғыш арқылы суаруды көрсету; өздігінен құюды қадағалау, мақтау. Сөздік қорын еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) білдіретін етістіктермен байыту.<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының әнұранын тыңдату.<br>(музыка, қоршағна әлеммен таныстыру)<br>Міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал | | | | |

| | |
|---|---|
| **ық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | ету.<br>Ойын-имитация. "Дала гүлдері".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді.<br>Қандай тамаша көктем күндері!<br>Қандай тамаша дала гүлдері!<br>Бұлған тұр бізге жапырақтарымен,<br>Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен.<br>Д. Ахметова<br><br>Кір қыстырғыштармен дамытушы жаттығуы. «Гүл»<br>(сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру; қимылдарды үйлестірулі, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту; берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>"Музыкалық суреттер" дамытушы ойын-жаттығуы.<br>(музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат:Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейінкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау<br>Құрал-жабдықтары. Сипаты әртүрлі әуен жазбалары, заттық суреттер немесе ойыншықтар.<br><br>«Ғажайып дорба» ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) орындау.<br><br>Қ. Мырза Әли "Паровоз".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Пыс-пыс! - деді,<br>Уһ-уһ! - деді<br>Бір кезде.<br>Пыш-пыш! - деді,<br>Уф-уф! - деді<br>Бір кезде.<br>Тақы-тұқі,<br>Тақы-тұқі, Тез өт! - деп,<br>Тоқтамайды дөңгелектер безектеп. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)<br>"Қайырлы күн бәріне!" балалар қолдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады.<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріне" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, "Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады. | | | | |
| **Таңғы ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Мақсат-міндеттері. Жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.<br>Қанеки, қаздар, қаздар,<br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып,<br>Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова)<br><br>Алакай! Алакай!<br>Барамыз дастарқанға қарай.<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | "Күй күмбірі": "Раушан гүлім" - Қаршыға Ахметжияров https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-iv<br>«Өнегелі»: Тақырыбы: "Ашуланғанда, мен не істеуім керек?". Мақсаты: балаларды жағымды және жағымсыз эмоциялармен таныстыру; адамға жанашырлықты білдіруге үйрету; жағымсыз эмоцияларды өзге жағымды эмоциялармен алмастыру үлгілерін көрсету; мультфильмдер, ертегі кейіпкерлердің жағымды эмоцияларды білдіргенін көрсету. Қауіпсіз орта, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру. | | | | |
| | Сәлемдесу шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру. Балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын | «Кәмпитті қағазғаораймыз» дамытушы жаттығуы.<br>(сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру; қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту; берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: шағын текшелер, цилиндрлер, шарлар, қағаз. Қауіпсіз жайлы,дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру | Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>«Бәйтерек».<br>Отанымның тірегі<br>Астанамның жүрегі.<br>Мақтан етем өзіңді,<br>Бәйтерегім киелі. Қауіпсіз жайлы,дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру | | Қуаныш шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру.<br><br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түю не керек?<br>Көңілді боп жүрейік! Қауіпсіз жайлы,дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту.<br>Нетken әлемі біздің әлем!<br>Ғажайыптарға "Сәлем!"<br>Ғажайыптардан көз алмайсың,<br>Қуанып, бәрін қызықтайсың!<br>Қауіпсіз жайлы,дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҮІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Солдаттармыз саптағы".<br>**Міндеттер**: Балаларды тегіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге жаттықтыру; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларына машықтандыру; еңіс тақтай үстінде жүру кезінде өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауды дамыту. | Музыка<br>"Отшашулар".<br>**Міндеттер:**Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, тани білу. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету. Қарапайым би қимылдарын орындау; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.<br>Қимылдарды музыкалық аспаптармен (сылдырмақпен) орындау дағдысын дамыту.<br>Шулы музыкалық аспаптарда ақырын және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; бейбітшілік туралы түсінік беру. | Дене тәрбиесі<br>"Біз жас ұланбыз".<br>**Міндеттер.** Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жеңіл, салтанатты адыммен жүргізу; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын жетілдіру; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауда епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу.<br>Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауды дамыту. | | |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Көктем келді гүл алып".<br>**Мақсат:**. Балаларға Тұрманжановтың «Көктем келді гүл алып» өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстар туралы түсінік беру; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; тірек сөздерді ересек адамның соңынан мәнерлеп айтуға талпындыру; өлең жолдарын оқуда жағымды | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Бақбақ гүл".<br>**Мақсат:** Балаларды бақбақ гүлмен таныстыра отырып, оны бақылай білуге үйрету; бақбақ гүлдің құрылымы мен ерекшеліктерін байқау және басқа өсімдіктерден айырмашылығын таба білу қасиеттерін қалыптастыру; жағымды эмоцияларға бөленуге жағдайлар жасау. | Құрастырудан ойын-жаттығулар<br>"Аула қақпасы".<br>**Мақсат:** Балаларды аула қақпасын және текшелерді үлгі бойынша бір-бірінің үстіне түзу тізіп, екі баған жасап, екі бағанды білеумен жауып қосып, үстінен ортаға призманы қоюға үйрету; педагогтің үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру; құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. | | Сюжетті-рөлдік ойын «Отбасы».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсат:**<br>Өз есімі мен жасын, отбасы мүшелерінің аттарын атауға үйрету.<br>Балаларды ойын барысында отбасының тұрмыс-тіршілігін шығармашылықпен бейнелеуге ынталандыру; екі кейіпкер қатысатын сюжеттерде (ана — қыз) өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру; бір-бірімен тіл табысып, өзара келісімде ойнау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоциялық ахуал тудыру. | | Балалардың құрылыс материалдардың қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлану мүмкіндіктерін арттыру; тілі мен байқағыштығын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | Картотека№ 1 | Картотека№ 3 | Картотека№ 6 | | Картотека№ 12 |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.<br>Дәмді тағам жейміз біз,<br>Ауыз жауып шайнаймыз,<br>Сөйлеуге де уақыт жоқ.<br>Болсын қарнымыз тоқ. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату.<br>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.<br>«Әлди, әлди, абайым» (халық ауызынан)<br>Әлди, әлди, абайым,<br>Атқа тоқым жабайын, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құрығыңды майырып,<br>Түнде жылқы қайырып,<br>Жаудан жылқы айырып,<br>Жігіт болар ма екенсің?<br>Айыр қалпақ киісіп,<br>Ақырып жауға тиісіп,<br>Батыр болар ма екенсің?<br>Бармақтарың майысып,<br>Түрлі ою ойысып,<br>Үста болар ма екенсің?<br>Таңдайларың тақылдап,<br>Сөйлегенде сөз бермей,<br>Шешен болар ма екенсің?<br>Кең балағын түріскен,<br>Ұлы топта күрескен<br>Балуан болар ма екенсің? | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Біртіндеп оянудың жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Ұйқыашар жаттығулары.<br>Кереует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, бұлғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. | | | | |
| **Бесін ас** | "Қолды қалай дұрыс жуу керек».<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **«Түрлі түсті сақина» дидактикалық ойыны**<br><br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан сақина жасауға қызығушылықты ояту, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, қиял, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыдамдылық пен табандылыққа, бір іспен тұрақты айналысуға тәрбиелеу.<br>Шарты. | Музыкадан ойын-жаттығулар. "Билейміз гүлдермен".<br>**Мақсат:** Балаларды көңілді әннің сипатын ажыратып, ырғаққа сай қимылдарды жасауға ынталандыру; топта және жұпта билеу дағдыларын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Бір және көп ойыншықтар" ойын-жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем | Суретші» дидактикалық ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Ойыншылар саны: 4-5 бала.<br>Құрал-жабдықтар: ақ парақ, қарындаш.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген геометриялық бейнені салуды ұсынады (төрбұрыш, үшбұрыш, шаршы). Салуға арналған | | "Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы (орыс тілінен аударма)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып берудi суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Балаларды өзін-өзі күту, беті-қолды жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға ермексаздан бір бөлігін үзіп алады. Оны саусақтарымен жұмсартып мыжғылайды. Екі алақанның ортасына дөңгелектеп еседі. Екі ұшын бір-біріне жалғап қосады.<br>**(Мүсіндеу)** | әдебиет, сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.<br>Құралдар. Түсі, пішіні, көлемі, саны әртүрлі ойыншықтар.<br>Жауаптың мысалы.<br>Бір доп – көп доптар.<br>Бір дөңгелек доп – көп дөңгелек доптар.<br>Бір қызыл доп – көп жасыл доптар.<br>Бір үлкен доп – көп кішкентай доптар. | бейненің санын бала өзі таңдайды. Тапсырманы орындап біткеннен кейін педагог балалардыңсуреттерін жинап алып, ненің суретін салынғанын, қанша екенін естеріне түсіруді сұрайды. Егер бала есіне түсіре алмаса, алғашқы суреттерді қайтадан таза парақ бетіне салуды ұсынады. | | көркемсөзді қайталап, жағымды жерге бөленуге баулу.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ерніммен,<br>Тісім тастан таймасын!<br><br>"Кімдікі? Онымен не істейді?" дамытушы ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттері. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; зат есім, етістікті қолдануға үйрету. Заттардың кімге қажет екенін анықтау; байланыстырып сөйлеу, еске сақтау қабілетін дамыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атауға ынталандыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ойын-имитация. "Дала гүлдері".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді.<br>Қандай тамаша көктем күндері!<br>Қандай тамаша дала гүлдері!<br>Бұлғап тұр бізге жапырақтарымен,<br>Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен.<br>Д. Ахметова<br>Нұрман, | "Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып берудi суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>"Кең дала".<br>Алақай-ау, алақай,<br>Дала қандай кең еді!<br>Бәрі өзімдей балақай,<br>Қырдың гүлін тереді.<br>Н. Әлімқұлов<br>Аяужан. А | "Жер шары".<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шарды илеу амалдарын игерту.<br>(мүсіндеу)<br><br>Саусақ жаттығуы. "Лағым".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту. Сөздік қорды үй жануарлары төлдерін білдіретін зат есімдермен байыту.<br>"Лағым".<br>- Секір, секір, лағым, | | Кір қысқыштармен дамытушы жаттығу. «Күн»<br>(сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру; қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту; берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Асел. П. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тартқанша құмарын!<br>Желпілдесін жел күйі,<br>Жапыраққа құлағын.<br><br>Сырт-сырт етіп тұяғын,<br>Би билеші, лағым!<br>Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қияның.<br>С. Желдірбаева хамза | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру. (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету.<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | Картотека№ 5 | Картотека№ 7 | Картотека№ 11 | | Картотека№ 13 |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Кешкі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?" | "Баланың өздігінен тамақтануына деген көркем сөздің жағымды әсері" | "Баланың өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы" | | "Баланы құбылмалы ауа райының ерекшелігіне сәйкес киіндіру" жадынамасы. |

Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г  Фатхоллина А.Ж

Тексерілген күні: 12.05.2026
Әдіскер: [signature] А.А.Жумагалиева

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Мамыр айы (2 апта)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балбөбек жеке бөбекжайы»
Топ: «Құлыншақ»аралас (ерте кіші жас)
Балалардың жасы: 1-2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **12.05 - 15.05.2026ж.**
**Мамыр «Бірлік пен ынтымақ айы»**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **12.05.2026** | **13.05.2026** | **14.05.2026** | **15.05.2026** |
| **Аптаның дәйек сөздері «Бізге бұл әлемде қажетті дүние – бейбітшілік, бақыт, адамдардың бауырластығы!» (Марк Твен)** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br><br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Сәлем, балақай!<br>Қалың қалай?<br>Қайдан келесің томпаңдап,<br>Топ-топ басып, асықпай?<br>Күлімдеп саған, күн қуат берсін,<br>Бойың биік өссін. (Д. Ахметова) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br><br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>«Кел-кел, ақ бөбек!»<br>Кел-кел, ақ бөбек!<br>Өс-өс, жас желек!<br>Жүре ғой тәй-тәй басып,<br>Балапандармен бірге лек-лек. (Д. Ахметова) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br><br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Кім бізге келіп қалды?<br>Кім күнге сәлем салды?<br>Кімнің көзі күлімдейді?<br>Кім "Алақай! дейді? (Д. Ахметова) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу.<br>(музыка) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?" | "Баланың өздігінен тамақтануына деген көркем сөздің жағымды әсері" | "Баланың өздігінен тамақтануына деген көркем сөздің жағымды әсері" | "Баланың өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы" |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,** | | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Ойыншықтарды сөреге тізу (құрылыс материалдарды қорапқа салу).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Үлестірмелі материалдарды үстелдерге тарату (немесе жинау).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. "Асханадағы көмекшілер".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу: тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу, дербес және басқалары)** | | Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Сөредегі ойыншықтар мен құралдарды ретке келтіруге тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. Ойыншықтар мен құралдарды тануға, атауға үйрету.<br><br>«Көгалдағы әдемі гүлдер»<br>(сенсорика)<br>Мақсат-міндеттер: Түстерді қабылдауын дамыту, түс бойынша жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: Жылы, суық түсті геометриялық пішіндер<br>Ойынның барысы: Балалар тәрбиешіні нұсқау бойынша жылы түстер мен суық түстерден гүлдер бейнесін құрастырады.<br><br>Ойын-имитация. "Дала гүлдері".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді.<br>Қандай тамаша көктем күндері!<br>Қандай тамаша дала гүлдері!<br>Бұлған тұр бізге жапырақтарымен,<br>Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен.<br>Д. Ахметова | назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ақ (түрлі түсті) парақтарды, төсеніштерді, таратпа заттармен табақшаларды таратуға (жинауға) үйрету. Құралдардың қауіпсіздігін қадағалау.<br><br>«Гүлдерді күтеміз» дидактикалық ойын.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.<br>Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.<br>Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.<br><br>Суреттерді қарастыру. Өсімдіктер (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөздік қорларын байыту.<br>Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. | назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қасықтарды табақшаның жанына салуды, майлық салғышты үстел ортасына қоюды үйрету. Кейбір ыдыс-аяқты атауға үйрету.<br><br>«Суретші» дидактикалық ойын.<br>Мақсат-міндеттер: Есте сақтау қабілетін дамыту<br>Құрал-жабдықтары: Ақ парақ, қарындаш<br>Жүргізілу барысы: Тәрбиеші балаларға кез-келген геометриялық бейнені салуды ұсынады. (төртбұрыш, үшбұрыш, шаршы)<br>Салуға арналған бейненің санын бала өзі таңдайды. Тапсырманы орындап біткеннен кейін тәрбиеші балалардың суреттерін жинап алып, суретте не салынғанын, қанша екенін естеріне түсіруді сұрайды.<br>Егер бала есіне түсіре алмаса, алғашқы суреттерді қайтадан таза парақ бетіне салуды ұсынады.<br>(шығармашылық дағдылар)<br><br>Суреттерді қарастыру. Гүлдер (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөздік қорларын байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.<br>Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға ынталандыру. | бұрышындағы өсімдіктерді бақылау. (аспидистра, фикус, үлкен жапырақтардың шаңын сүрту.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Гүлдер".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>"Гүлдер".<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер,<br>Жайнар кезім келді деп,<br>Қанаттарын желбіреп,<br>Тамен бірге ойнап,<br>Күн нұрына боянып,<br>Көрік бердің балаға.<br>Тұманбай Молдағалиев.<br><br>"Қуыршақты тамақтандырамыз" ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты тамақтандыру) орындауға баулу. Сөз тіркестерін құра білуге (зат есім + етістік) ынталандыру. Балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды көрсетумен сүйемелдеу.<br>"Дана botқаны жемейді".<br>Дана ботқаны жемейді,<br>«Таусыа алмаймын», - дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Ананның мазасын алма. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қане, қасықты ұстайық,<br>Дәмді асты тауысайық.<br>Д. Ахметова |
| **Ертеңгілік жаттығу** | | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. | Жалпы дамытушы жаттығулар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. |
| **Таңғы ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Мақсат-міндеттері. Жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.<br>Ағып жатыр мөлдір су,<br>Қане, қолды созып жу,<br>Алақанды уйкелеп,<br>Саусақтарменен тербелеп. (Д.Ахметова)<br><br>Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | "Күй күмбірі": "Шымырау" - Бозғалам (орындаған Мұрат Абылғазин) https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Тақырыбы: "Неге өзгелерге көмектесу керек?". Мақсаты: балаларды өзгелерге көмекке келуге тәрбиелеу; ойын жағдайларында мұқтаждарға көмекке келу керектігін көрсету; балалардың отбасында, көшеде, балабақшада, ертегі кейіпкерлерінің өзгеге көмекке келуін талқылау | | | | |
| | | Сәлемдесу шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру.<br>Балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, реніу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту.<br>Неткен әлемі біздің әлем!<br>Ғажайыптарға "Сәлем!"<br>Ғажайыптардан көз алмайсың,<br>Қуанып, бәрін қызықтайсың! | "Нені киесің?" дамытушы жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді, киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюды бекіту. Зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту.<br>Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері). | Суреттерді қарастыру. Өсімдіктер<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөздік қорларын байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. | Қуаныш шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру.<br><br>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүрмін.<br>Қатар тұрар шеңберде,<br>Досым көбін білемін. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | Музыка<br>"Билейміз гүлдермен".<br>Мақсат-міндеттер. Музыкаға деген қызығушылықты арттыру, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру. Әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер | Дене тәрбиесі<br>"Біз Отан қорғаушылармыз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын бекіту; балаларды шапшаңдылыққа, епті іікке тәрбиелеу. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауды дамыту. | Дене тәрбиесі<br>"Бақ-бақ гүлдер".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білуге үйрету; допты алысқа лақтыру техникасына дағдыландыру. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауды дамыту. | |

4

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (сылдырмақпен) орындау дағдысын дамыту. | | | |
| | | Тіл дамыту мен көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар "Көктем келді гүл алып". Мақсат-міндеттер. Балаларға Е. Тұрманжановтың «Көктем келді гүл алып» өленімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстар туралы түсінік беру; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; тірек сөздерді ересек адамның соңынан мәнерлеп айтуға талпындыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоциялық ахуал тудыру. | Сенсорикадан ойын-жаттығулар "Қораппадағы мерекелік кәмпиттер". Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі заттардың көлемі бойынша екі топқа бөліп, сәйкестендіруге және біріктіруге үйрету; заттарды сенсорлық сипаттарға сай салыстырып, жаттығулар арқылы қабылдай білу қабілеттерін арттыру; бейбітшілік туралы қысқаша түсінік беру. | Сурет салудан ойын-жаттығулар "Гүлдер". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетімен алдына ала танысып алуға үйрету; қағаз бетіндегі "көктемгі далаға" қою бояуға малынған қылқаламмен алдында бормен салынып қойған гүлдерге жақпа басып, тез алып отыруға жаттықтыру; "гүл шоғы" басылып шыққан сайын тағы да гүл сабағы бар бос жерлерді тауып, дәл қойып отыру қабілетін пысықтау; қағаз бетін гүлдерге толтыруға дағдыландыру; көктемгі табиғат көріністері туралы түсініктер беру. | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Бақбақ гүл". Мақсат-міндеттер. Балаларды бақбақ гүлмен таныстыра отырып, оны бақылай білуге үйрету; бақбақ гүлдің құрылымы мен ерекшеліктерін байқау және басқа өсімдіктерден айырмашылығын таба білу қасиеттерін қалыптастыру; жағымды эмоцияларға бөленуге жағдайлар жасау. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. Сөздік қорды киім, аяққиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, киіо-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | | Картотека№ 1 | Картотека№ 3 | Картотека№ 6 | Картотека№ 9 |
